



ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНДЕГІ
«МӘҢГІЛІК ЕЛ»
ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ ИДЕЯ
ТОҒЫСУЫ

Алматы 2017

ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

**ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНДЕГІ
«МӘҢГІЛІК ЕЛ» ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ ИДЕЯ
ТОҒЫСУЫ**

Ұжымдық монография

Алматы
«Қазақ университеті»
2017

ӘОЖ 821.512.122.0

КБЖ 83.3 (5 Қаз)

Қ 14

*Баспаға Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
Ғылыми кеңесі (№ 3 хаттама, 07.12.17) және
Редакциялық-баспа кеңесінің
(№ 4 хаттама, 27.11.2017) шешімімен ұсынылған*

*4541 ГФ/4 «Қазақ әдебиетіндегі ұлттық идея және «Мәңгілік Ел» идеясы
көрініс табуының көркемдік мәні мен жаңашыл сипаты» ғылыми жоба
бойынша дайындалған монография*

Пікір жазғандар:

филология ғылымдарының докторы, профессор **З. Сейітжанов**
филология ғылымдарының докторы, профессор **Т. Тебегенов**
филология ғылымдарының кандидаты, доцент **Л. Мұсалы**

Жалпы редакциясын басқарған

филология ғылымдарының докторы, профессор **Ө.Әбдиманұлы**

Қ 14 Қазіргі қазақ әдебиетіндегі «Мәңгілік Ел» және ұлттық идея тоғысуы: ұжымдық монография / Ө. Әбдиманұлы, Ж. Дәдебаев, А.Б. Абдулина, Е.М. Солтанаева, Ш.А. Шортанбаев, Н. Досанова, С. Мухаметжанова. – Алматы: Қазақ университеті, 2017. – 206 б.

ISBN 978-601-04-2990-1

Зерттеу еңбекте қазіргі қазақ әдебиеті өкілдерінің шығармашылығындағы ұлттық сипат ұстанымдары «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясы тұрғысынан арнайы қарастырылды.

Қазақ елінің кеңестік кеністікте өмір сүрген кезеңдеріндегі, тәуелсіздік тұсындағы «Мәңгілік Елдікке» ұмтылған Бауыржан Момышұлы, Қадыр Мырзалиев, Қабдеш Жұмаділов, Фариза Оңғарсынова, Нұрлан Оразалин, Несіпбек Айтұлы, Маралтай Райымбекұлы, Ерлан Жүніс т.б. шығармашылық тұлғаларымыздың прозалық туындыларында, өлең-поэмаларында елдік мүдде мен ұлттық мұрат басты орынға қойылғаны айқындалып, жүйеленді.

Ұжымдық монографияда қазақ әдебиетіндегі ұлттық идеяның көрініс табуы кеңестік кезеңде де, тәуелсіздік алған тұста да кең арнаға айналғаны айқындалып, ұлт тағдырына алаңдаған шығармашылық иелерінің туындылары нақты зерттеу нысанына айналған.

Монографиялық зерттеу филология факультеттерінің оқытушылары мен докторанттарына, магистранттары мен студенттеріне, жалпы әдебиет сүйер қауымға арналған.

ISBN 978-601-04-2990-1

© Авторлық ұжым, 2017

© Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2017

КІРІСПЕ

Казіргі қазақ әдебиетінің даму өрісін әдеби үдеріс негізінде қадағаласақ, өткен ғасырдың алпысыншы жылдарынан бастап әдебиеттің барлық жанрларында дерлік шығармашылық өсу, жаңашыл ізденіс ерекше байқалды. Әдебиетке келген талантты қаламгерлердің жан-жақты білімділігі, терең дайындығы, суреткерлік қабілеті ерекше көзге түсті.

Өмір шындығының айнасы саналатын көркем туындыда өмір дерегін жаңаша көзқараспен сұрыптап, көркем мазмұнға айналдыруда қазақ қаламгерлерінің өмір тәжірибесі, қаламгерлік ұстанымы, ақындық, жазушылық шеберлігі, шығармашылық ізденісі үлкен маңызға ие болып, рухани қазынамыз толығымен түскені ақиқат.

Жаңа дәуір әдебиетіне, яғни қазіргі қазақ әдебиетіне ХХ ғасырдың 60-жылдарынан кейінгі және бүгінге дейінгі қазақ әдебиеті дәуірі жатады. Өйткені ХХ ғасырдың 60-жылдарынан кейін Қазақ әдебиеті жаңа бетбұрыстар жасап, сан жағынан да, сапалық тұрғыдан да биік табыстарға қол жеткізді. Бұрынғы кезеңдерде әдебиеттің белгілі бір жанры айрықша ерекшеленіп тұратын еді. Мәселен ХХ ғасыр басында поэзия өзге жанрдан озық жүрсе, 30-жылдарда прозаға деген ынта зор болды. Онан кейінгі кезеңде драматургия жанры күрт алға баса бастады. ХХ ғасырдың 60 жылдарынан кейінгі кезеңде әдебиеттің барлық жанрында дерлік ізденіс байқалып, күрделі көркем туындылар дүниеге келді. Әдебиеттің тақырып аясы кеңіді. Кейіпкерлерді жағымды, жағымсыз етіп көрсету тәрізді біржақтылық басым тәсілден гөрі, әр кейіпкердің өзіне тән мінез-құлқын, жан дүниесін айқындау арқылы ашуға ұмтылыс байқалды.

Әдебиеттің эстетикалық құндылығы артып, философиялық пайымдауы тереңдеп, дүниетаным арнасы кеңейе түсті. Әдеби шығармадағы азаматтық әуен алдыңғы қатарға шықты. Көркем шығарма ірі әлеуметтік ойды жеткізудің тиімді тәсіліне айналды. Әдебиеттің тәрбиелік мәні тереңдеді.

тұлғалардың өнегелі өмірі арқау болса, екіншісінде ел тағдырының қиын-қыстау кезіңіндегі аса бір аянышты тарихи шындық қаз қалпында бейнеленді.

Осы жылдарда драматургияның өміршең жанры комедияда да толымды туындылар сахна төрінен орын алды. Осы орайда Қ.Байсейітов пен Қ.Шаңғытбаевтың «Беу, қыздар-ай» пьесасын атауға болады.

Комедия жанрында өнімді еңбек еткен көрнекті драматург – Қ.Мұхамеджановтың «Құдағи келіпті», «Қуырдақ дайын», «Өзіме де сол керек» сынды туындылары көп жылдар бойы республика театрларының репертуарынан түспей, көрерменді күлкіге қарқ етті. Қ.Мұхамеджановтың әзіл-қалжыңы көрерменге ой салар орнықты дүние болатын. Талантты драматургтер Т.Ахтановтың тарихи тақырыпқа жазылған «Ант», Қ.Мұхамеджановтың соғыс өрті сергелдеңге ұшыратқан шеттегі бауырларымыздың қиын тағдырын арқау еткен «Жат елде», С.Жүнісовтің бейнелеген ұлт өміріне өзгеріс төңкерісті әкелген «Ажар мен ажал», Ш.Мұртазаның кеңестік құрылыстың қасіретті ашатын «Сталинге хат» пьесалары осы саладағы елеулі табыс екені анық. Д. Исабековтің «Әпке», О. Бөкеевтің «Текетірес», С. Жүнісовтің «Күнгей мен көлеңке» пьесалары осы талаптан туған туындылар.

Комедия жанрында өнімді еңбек еткен көрнекті драматург – Қ.Мұхамеджановтың «Құдағи келіпті», «Қуырдақ дайын», «Өзіме де сол керек» сынды туындылары көп жылдар бойы республика театрларының репертуарынан түспей, көрерменді күлкі арқылы ойлануға шақырды.

Жалпы алғанда, ХХ ғасырдың 60-жылдарынан кейінгі әдебиет – қазақ әдебиетінің өсіп-өркендеуінің үлкен белесі болып қалды.

«Қазіргі қазақ әдебиетіндегі «Мәңгілік Ел» және ұлттық идея тоғысуы» деп аталатын зерттеу еңбектің кіріспесі мен қорытындысын және «Қазіргі қазақ әдебиетіндегі мәңгілік ел мұратының көрініс табуы», «Қазақ ақын қыздар шығармашылығы – ұлт өмірінің айнасы» тарауларын ғылыми жоба жетекшісі, профессор Өмірхан Әбдиманұлы, «Жазушы еңбегі және ұлттық құндылықтар» тарауын профессор Жаңғара Дәдебаев, «Қазіргі қазақ поэзиясындағы «Мәңгілік ел» тақырыбы» тарауын доцент Еркінгүл Солтанаева, аға оқытушы Шоқан Шортанбаев, «Поэмалардағы дәстүр мен жаңашылдық сипат» тарауын Назира

3 ЖАЗУШЫ ЕҢБЕГІ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР

Қаламгердің өмір құбылыстарының қалың ортасынан өзіне ғана емес, оқырман жұрттың да ойын серпіп, сезімін сергітетін бойын балқытып, жүрегін тебіrentететін ел өмірінің ірі, іргелі шындығын табуы оңай емес. Ел өмірінің мұндай ірі, іргелі шындығын тану жазушының таным тереңдігіне, парасат байлығына негізделеді. Танымы терең, парасаты бай жазушы өмірдің ірі, іргелі деген шындық құбылыстарын ел өмірінің, халық тағдырының маңызды, тарихи мәні бар оқиғаларымен сабақтастырып айтар ойын ұлттық идея, жадпыадамзаттық құндылықтар биіктен ұсынады.

Әдеби шығармаға арқау болып отырған құбылыс қаламгердің ойын серпіп, сезімін сергітетін немесе бойын балқытып, ойын толқытатын шындық бола бермеуі мүмкін. Ондай ірі, іргелі шындықты тану қандай қиын болса, оны табу одан да қиын. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, қазақтың көрнекті жазушы Бексұлтан Нұржеке – өмір құбылыстарының қалың ортасынан өзінің ғана емес, оқырман жұрттың да ойын серпіп, сезімін сергітетін, бойын балқытып, жүрегін тебіrentетін ел өмірінің ірі, іргелі шындығын тауып әрі танып жазатын суреткер.

Бір ой, бір сезім болып, бір өкініш, бір үміт болып, өзіне-өзі жанып, өзінен-өзі балқып тұрған шындық құбылысқа кейде қаламгердің өз жүрегін елжірей қоюы да оңай емес. Бексұлтан Нұржеке – болмыстағы оқиғалардың қалың тобының арасынан тандап, талғап алған шындық құбылысты өзінің ғана емес, қалың оқырман жұрттың да жүрегін елжіретіп, сезімін мөлдіретіп отырып суреттейтін жазушы.

Қайсыбір жазушының ойлауында парасат, логикалық жүйе басым келеді. Ондай суреткердің қаламынан туған әдеби шығарманың мазмұны мен түрі өзара өлшемді түрде үйлесіп, ондағы әрбір деталь ақылмен, оймен екшеліп, ерекшеленеді. Шығарманың

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ	3
1. ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНДЕГІ «МӘҢГІЛІК ЕЛ» ҰСТАНЫМДАРЫ.....	9
2. ҚАЗАҚ АҚЫН ҚЫЗДАРЫНЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ – ҰЛТ ӨМІРІНІҢ АЙНАСЫ.....	45
3. ЖАЗУШЫ ЕҢБЕГІ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР	62
4. ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ «МӘҢГІЛІК ЕЛ» ТАҚЫРЫБЫ.....	86
5. ПОЭМАЛАРДАҒЫ ДӘСТҮР МЕН ЖАҢАШЫЛДЫҚ СИПАТ	136
6. ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ЛИРИКАСЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ДӘСТҮР.....	158
7. СИСТЕМА МИРОВОЗЗРЕНЧЕСКИХ УНИВЕРСАЛИЙ НАЦИОНАЛЬНОЙ ИДЕИ «МӘҢГІЛІК ЕЛ» В КАЗАХСКОЙ ЛИТЕРАТУРЕ XX-XXI ВВ.	168
ҚОРЫТЫНДЫ	202